

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШСЕК...

Б.Н.Бияров,  
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың қауымдастырылған  
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Біздің елдің "әліпбиді ауыстырамыз ба? ауыстырсақ қайсысын тандап аламыз? әліпбиді ауыстырған соң, оның нәтижесі қалай болады?" деген сауалдарға жауап іздегелі 20 жылдың жүзі болды. Атап айтқанда бұл мәселе мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Кеңестік дәуір аяқталып, Тәуелсіздік әлі бекімей тұрған өліара шақта (1985-1990 жылдары) ескі араб әліпбиінің А.Байтұрсынұлы өзгерткен нұсқасы "төте жазуға" көшуге деген құштарлық басым болды. Халықаралық "Шалқар" газеті шығып, "төте жазу" кейбір мектептерде оқытыла бастады. Бұл алғашқы кенет оянған патриоттық сезімнің әсері мен Алашорда арыстарына деген құрметтің негізінде туындаған болатын. Бірақ ол кезде елдің ішкі, сыртқы жағдайы әліпби ауыстыруға дайын емес еді.

Ахаңның алдындағы ескі араб жазуының түркі тіліне сәйкес келмейтінін ең алғаш М.Қащқари ескертіп кеткен (ХІ ғасырда). Кейін Ш.Уәлиханов, миссионер-педагог Н.И.Ильминский, Ы.Алтынсариндер де қазақтарға қиындық келтіретін жазу екенін атап көрсетті. Үйренуге ауыр, жат әліпбиді молдалар күшпен, таяқпен оқытуға мәжбүр болды. Тентек Қиясбай сол молданы таяқпен басқа ұрып қашты, Түйебай "шоқынып кетсем де молда алдын көрмеймін" деп қой жайып кетті. Сол кездегі жас ұрпақ қиналды, сауат ашу тежелді. Әліпбидің қоғамға әсер ететін маңызды нәрсе екенін осыдан-ақ байқауға болады.

2. Қазақ халқының арғы тектері болып саналатын сақ, ғұн, түркі, қыпшақтар қолданған **көне түркі руна жазуына** көшу абзал болады деген көзқарас та белең алған-ды. Олардың уәжі: руна жазуы ең алғашқы төл жазуымыз, қазақ дыбыстарын дәл таңбалайды, басқа әліпбилердің барлығы жат тілдерге арналып жасалған және сырттан таңылған болатын. Шынында да көне түркі әліпбиінің біздің дыбыстау жүйемізге сәйкес келетіні рас, бірақ оның тым көнелігінен қорғанамыз. Кезінде тілімізге мүлде жат көне ұйғыр (манихей) және араб жазулары оның жолын кеспегенде, көне түркі әліпбиі біздің дәуірімізге дейін жетуі мүмкін еді. Көне түркі әліпбиіне тең келетін басқа бір әліпби әлемде әзірге жоқ.

Шыңғысхан наймандардан қабылдаған көне ұйғыр әліпбиін қазіргі Моңғолия "моңғол бітік" деп атап, қайтадан қолданысқа енгізу үстінде. Моңғолия көне жазуын сәтті "тірілтіп" жатса, бізге де ойлануға тура келеді.

3. Келесі бір топты "реформашылдар" деп шартты түрде атауға болады. Олар қазіргі қолданыстағы **орыс (кириллица) жазуына** ішінара өзгерістер енгізіп (кірме әріптерді алып тастап), одан әрі пайдалана беру керек деген пікір ұстанады. Негізінен "көп қаражат кетпейді және ғасырға жуық жинақталған әдеби, мәдени құндылықтарымыз сақталып қалады" деген уәждерді келтіреді. Олардың дені еңбектерінің барлығы дерлік славян әліпбиімен жазылған ғалымдар мен ақын-жазушылардан тұрады.

4. Шағын бір топты "құрама көзқарастар" деп атаған дұрыс, өйткені олар қазіргі әліпбиімізді ауыстырып қажеті жоқ десе, енді біреулері мүлде тың таңбалар ойлап шығарғысы келеді немесе араб+латын, латын+кирилл жазуларын араластыру арқылы қоспа әліпби жасауды көздейді т.б. Бұл, әрине, жұмысты күрделендіргеннен басқа ештеңе бермейді.

5. 1990-шы жылдардан бері Түркияның ықпалымен **латын жазуына** көшу керек дегендердің пайызы артып, арабшылардың екпіні бәсеңдеп кеткені белгілі. Негізгі уәждері "түркі елдерінің біразы латынға көшті, солармен бір болу үшін" немесе "гүлденген" Еуропаға жақындау және "компьютер әлемінде еркін жүзу үшін қажет" дегенге саяды. Оған қарсыластары латын жазуы мен қазіргі кирилл жазуының түп-төркіні бір екенін айта келіп, бірінен-біріне көшкеннен не ұтамыз деген сұрақ қояды (кирилл жазуы шығыс грек, латын - батыс грек жазуларынан шығады).

Жаңа латын әліпбиінің бірнеше нұсқасы ұсынылды, бірақ қазақ дыбыстарын дәл таңбалайтын ортақ бір әліпби жасалған жоқ болатын. Өткен жылдың күзінде (16.11.2012 ж.) Стамбулда бас қосқан түркі елдерінің тілші, әдебиетші ғалымдары Түркия әліпбиіне негізделген 34 әріптен тұратын барлық түркі тілдеріне ортақ жаңа әліпбидің нұсқасын қабылдады. Жиынға барып келген Ә.Жүнісбек, Ш.Ыбырай, Ш.Құрманбайұлы сынды профессорлар Астана қаласында "Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы" атты ғылыми-практикалық конференция өткізді. Оған ШҚО Тілдерді дамыту басқармасының бастығы А.Шаймарданов екеуіміз қатысып қайттық. Конференция шешімі Елбасына жетіп, Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жария етті. Сөйтіп "қай әліпбиді таңдаймыз?" деген мәселе өзінен-өзі шешілді.

Енді "қалай жүзеге асырамыз?" деген сұрақ күн тәртібіне қойылды. Ең алдымен көрнекті ғалымдардан, тіл мамандарынан, қоғам қайраткерлерінен тұратын жұмыс тобы құрылады. Олардың міндеті - тілімізге, фонетикамызға дәл келетін жаңа әліпбидің құрамын жасап шығу. Егер жаңа әліпби үйренуге де, оқуға да, жазуға да жеңіл, ыңғайлы болып шықпаса, оның қажеті шамалы. Мәселен, жоғарыдағы ғалымдар алып келген 34 таңбалы әліпби тілші-маман ретінде маған ұнаған жоқ. Ол Түркияның жазуына негізделгендіктен, қазаққа тән дыбыстар таңбасының үстіне ноқаттар, аяғына салпыншақтар қосып жазуға тура келеді. Менің ойымша, әйтеуір латынға көшеді екенбіз компьютер тақтасында тұрған 26 таңбалық классикалық латын әріптерін таңдап алу керек. Ал таза қазақ тіліндегі дыбыстар саны 28-ден аспайды (қазіргі 42 әріптің қалғандары орыс сөзін дәл жазу үшін керек деген кеңестік талап бойынша енгізілген болатын) . Жетіспеген латын әріптерін қостап жіберу әлемде бар тәжірибе. Мысалы, ң - ng сияқты. Сонда біз тек қана компьютердегі әріптер арқылы жазып, оқитын боламыз.

Әліпбиді таңдап алу бар да, орфографияның фонетикалық ұстанымын аламыз ба, морфологиялық ұстанымын аламыз ба деген таңдау тағы бар. "Айтылу бойынша жазамыз ба, әлде сөздің түбір қалпын сақтап жазамыз ба?" деген таңдау әліпби таңдаудан да маңызды нәрсе. Бұларды да жұмыс тобы ескеру керек деп ойлаймын.

Профессор Сұлтан Жанболат жаңа латын жазуы шетелдік қандастарымызға да таратылып, ортақ жазумен жазсақ, әдеби-мәдени араластығымыз жеңілдер еді

дейді. Меніңше бүкіл түркі елдері осы компьютерлік латын жазуын қабылдаса, бір-біріміздің әдеби, ғылыми шығармаларымызды еркін оқи алар едік. Кезінде Н.Төреқұлов "түркі елдері бір тілде сөйлейді, әр түрлі жазады" деп өкінген екен.

Күздігүні өткен жиында жер-су аттарының дұрыс жазылуы туралы баяндама жасап, онда жаңа әліпбиге көшсек жер-су аттарын жазу қиын емес екенін атап өттік. Бүкіл атаулар мемлекеттік тілде латын жазуымен ғана тұратын болады. Аудармасы болмайды, өйткені латын жазуын көрші елдер же, шетелдіктер де оқи алады. Жаңа әліпби қазақ тілінің осындай көптеген мәселелерін шешіп беретін болады.

## Ел ертеңі және латын әліпбиі

Жуықта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің даму жолындағы жаңа саяси бағытын белгілеп берді. Бұл Жолдауда Елбасы: «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс... Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек... Біз 2025 жылдан бастап, әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе», деп атап көрсетті. Елбасының бұл сөзі – халқымыздың болашақтық қамы мен заман тынысын ұштастырған парасатты шешім. Енді латын әліпбиіне оралу мен оралмау туралы әңгіме күн тәртібінен алынып, мүлдем тоқтатылып, бұдан былай оған қашан, қалай көшеміз деген әңгіме ғана сөз болуы керек.

Сондай-ақ, Елбасы жаңа жыл қарсаңында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне берген сұхбатында бұл істі 2025 жылға дейін созбауымыздың мүмкін екендігін де ескертті.

Болашақта көшетін латыншаның жобасын жуықта жариялап жіберсеңіздер, диаспорадағылар соған бейімделе берер едік. Бұл әр елдегі қазақтардың бет-бетімен латыншаның әртүрлі жобасына кетіп қалмауы және болашақта дүниедегі қазақтардың жазудағы бірлігі үшін өте пайдалы.

Өзге түркі тілді елдердегі қазақтар қолдануға мәжбүр болып жүрген латынша жазу жобалары да әр алуан екені белгілі. Түркияның латын жазуы да бір ғасырға жуық бұрын жасалған, бүгінгі дәуірге тым қолайлы емес. Жалпы, Қазақстаннан өзге елдердегі қазақтар латынша жазудың алуан үлгісіне бет-бетімен кетіп барады. Меніңше, шынайы зиялы қауым дүниедегі қазақтың ортақ бір ғана жазуы болуын арман етеді. Өкінішке қарай, қазір мұндай ортақтыққа қол жеткізе алмай отырмыз. Латыншаның әртүрлі

нұсқаларын қоса есептесең, 5-6 түрлі жазу қолданылып жүр. Бұл, мәдени ауыс-түйіске ғана емес, ұлт тұтастығына да зор залалды жағдай. Осыған орай мен мына жағдайларды атап айтқым келеді.

Ең алдымен БАҚ көмегімен латын жазуына көшуге байланысты жан-жақты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, идеялық бөгеттерді аршып, бүкіл халықты осы жұмыстың белсенділеріне айналдыру керек.

Сондай-ақ, жазуды латын қарпіне қайтару жұмысымен тұрақты шұғылдануды тікелей Елбасына қарайтын мемлекеттік жұмыс тобына беру керек. Оның құрамына енетін мемлекет, қоғам қайраткерлері, білім-ғылым, мәдениет-ақпарат, қаржы салаларының басшылары мен білікті мамандарына қойылатын басты шарт осы жұмысқа белсенді және дұрыс ұстанымды болу екендігі атап көрсетілуге тиіс.

Жұмыс тобы бұдан бұрын да істелген және игерілген, өзге елдегі тілдік, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, саяси жағдаяттарды, латын қарпіне оралту ісінің басты-басты қазақтық мәселелерін (грамматикалық реформаны, лингвистикалық, дидактикалық, мәдени-ақпараттық, баспаханалық, қаржылық, т.б.) айқындауды, арнайы мақсаттағы іссапарлар мен қажетті зерделеуді орынсыз қайталау, бәрін үйіп-төгіп түгел шешкен соң ғана қимылдау, сылбыр әрекетпен созбалау, т.б. сықылдылардан сақ болуы тиіс. Бұл игі іске қарсылар енді бізді осындайлар арқылы бөгеуге ұмтылуы мүмкін. Біз жазуды латын қарпіне қайтарудың мемлекеттік бағдарламасын да осы рухта жасауымыз керек. Заман ғана емес, қазақы сана да үздіксіз ілгерілеуде. Сондықтан латын жазуына оралу бойынша бұдан бұрын жүргізілген істерге, соның ішінде тіпті 2007 жылы жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесіне де («Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» атты жинақта келтірілген тұжырымдарға да) сыни көзбен қайта қараған пайдалы. Ол кездегінің талай олқылығы бар.

Қазақ жазуын латын қарпіне қайтарудың жекелеген жобаларын өзара салыстырып, зерттеп, заманауи компьютерлік информациялық технологияларға сәйкесімді, дидактикалық, эстетикалық, т.б. ғылыми-практикалық тұрғыдан қолайлы, қысқасы, ең тиімді әліпбилік құрамдық стандартты жасап жариялау, жұрттан пікір алынуы тиіс. Әрине, латынша әліпбидің ұлттық стандарты (үлгі-қалыбы) жасалғаннан кейін, ол мемлекеттік деңгейде бекітіледі. Бұл да кешіктірілмегені жөн. «Қалған іске қар жауарын» білеміз. Егер латын әліпбиіне көшу ЕХРО-2017 көрмесіне дайындықтың бір саласына айналса, тіпті құба-құп.

Маңыздылығы шекті кей кірме дыбыстарға арнайы таңба дайындаудың қажеті жоқ. Ұлттық әліпбиді өз ұлтымыздың сөздерін дәл жазуға арнауды басты мақсат еткен дұрыс.

Әліпбиді анықтағанда, Түркі тілді елдер кеңесі ұсынған 34 әріпті латын әліпбиіне бағыну міндетті емес. Ол жобалада түркиялық (80 жылдай бұрын қабылданған, ескі) жобаның ықпалы ауыр. Оған құрметпен ғана қарап, Президентіміздің тамаша нұсқауын мүлтіксіз атқару керек. Ол кісінің пікірінше, әліпби жасаған кезде жаңа символдар қоспау керек. Өзге талай тілдерде де кейбір дыбыстар 2-3 әріппен беріледі. Яғни қазіргі қолданыстағы латын әліпбиі шеңберінен шықпау керек. Клавиатурадағы (Keyboard) 26 таңба бізге жетеді. Сол арқылы ғана жасалған әліпби бізді қай елде қай компьютерді алдымызға қойса да, қазақша жаза беретін, ол мәтінді қайда жіберсек те ол сол қалпында баратын етеді. Жазудағы озықтық дегеннің бір белгісі осы. Мәселен, ң, ғ, ш, ф, х тәрізді дыбыстарға жаңа символ дайындамай, бірнеше әріпті қосарлана пайдалануға (мысалы, ретінше ng, gh, sh, ph, kh-лармен таңбалауға) болады. Бұлардың кейі тілімізде тым жиі кезігіп те жатқан жоқ. Бұл әрі бізді ағылшыншадан алыстатпайды, әрі үнемделген таңбамен (мысалы, F арқылы) өзге дыбыстарды таңбалау мүмкіндігін тудырады. Кей сирек кезігетін дыбыстарға үтір қойып (мысалы, кирилшедегі В-нің орнына V'-ні істетіп, оның үтірсізін өзге дыбысқа (мысалы, кирилшедегі Y-ге) пайдалану да бір амал. Қосымша символ жасап, қазақ латынша жазуын ерекше (түркиялықтар жазуындай «тақиясы» не «өкшесі» бар) етіп жіберсек, онда қазақтың латынша жазуын оқу мен жазу көпшілік үшін қиынға соғады. Тіпті ол қазіргі кирилше әліпбиден де төмен күй кешеді.

Мысалы, мына ортақ түркілік әліпби жобасына қараңыз.

<b>A a</b>	<b>J j</b>	<b>N n</b>	<b>T t</b>
<b>Ә ә</b>	<b>Z z</b>	<b>Ŋ ŋ</b>	<b>W w</b>
<b>B b</b>	<b>Y y</b>	<b>O o</b>	<b>U u</b>
<b>Ğ ğ</b>	<b>Q q</b>	<b>Ö ö</b>	<b>Ü ü</b>
<b>G g</b>	<b>K k</b>	<b>P p</b>	<b>Ş ş</b>
<b>D d</b>	<b>L l</b>	<b>R r</b>	<b>I i</b>
<b>E e</b>	<b>M m</b>	<b>S s</b>	<b>İ i</b>

Мұндағы Ğğ (F), Ŋŋ (H), Öö (Θ), Üü (Y), Şş (Ш) таңбалары кирилше жазудың әуресін сол беті қайталап тұр. Бұдан титтей де озықтық көре алмайсыз.

Айтпақшы, ф, в, х сықылды әріптер – кірмелер тәрізді көрінгенмен, ежелгі мәдениетімізде де бар, кейі исламьтпен де енген, былайғы шақта да керексіз емес таңбалар.

Әліпби жобасы жарияланғаннан кейін насихат жұмысын, қанатқақты жоба ретінде мектептерде, гуманитарлық ғылыми-зерттеу институттарына енгізуді, басылым беттерінде материалдар беруді, сол арқылы жалпыластыру шаруасын күшейту керек. Бұл 2025 жылы жаппай өтуге мықты таған жасайды.

Келер ұрпақ әдебиеттерді латын жазуымен оқитындықтан, бағдарлама жасалса, мына компьютерлік заманда, бұдан бұрынғы еңбектерді латыншаға аудару титтей де қиын емес. Қаламгерлер бұл жөніндегі алаңдаушылықтарын доғарып, ұлт болашағына пайдалы осы іске атсалысқаны жөн. Қабдеш Жұмаділов айтқандай, «Оқылатын шығарма қай әліпбимен жазылса да оқылады, оқылмайтын шығарма қай әліпбимен жазылса да оқылмайды».

Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бөгет болса, асықпай бірте-бірте жүзеге асыру керек. Тіпті біраз уақыт екі жазуды қатар қолданса да болады. Елбасымыз ол мүмкіндікті де айтып отыр.

Қазақ елі болашақта пайдаланатын латынша жазу жобасын дәл қазір жариялап тастағаны жөн. Бұл Қазақстан мен оның билік басындағылардың кешіктіруге болмайтын тарихи борышы. Сонда ғана өзге елдердегі қазақтар (диаспорадағылар) біртіндеп сол жобаға бейімделетін болады, сол арқылы жазу бірлігіне қол жеткіземіз.

Кез келген ұлт үшін де диаспора мәңгілік. Қазақстан шетелдегі қазақтарды түгелдей атажұртқа көшіре алмайды. Бірақ әлемдегі қазақтардың мәдени тұтастығын ойлауға борышты.

Жалпы алғанда, жазу өзгерту сән де, ермек те, саяси ойын да емес. Ұлттың тұтастығының, мәдени ауыс-түйістің, жазудың, тілдің өміршеңдігінің, сол үшін заман дамуынан артта қалмауының зәрулігі.

Төте жазу да, кириллица жазуы да техникалық, бағдарламалық жасампаздықтар мен өңдеулерге қанша сүйенсе де, латынша жазуға жете алмайды. Қазақ енді ең соңғы рет жазу өзгертіп, бұдан былай мәңгі өзгертілмейтін жазуға уағында көшіп алғаны абзал.

**Сұлтан ЖАНБОЛАТОВ,**

**профессор, Қытай Халық Республикасы.**

## Латын жазуы деген не?

17 Мамыр 2012, 10:03 280 0

**Латын жазуы /графикасы/ әлемде ең көп тараған жазу. Алайда әр ұлттың, ұлттық тілдердің өз «латыншасы» бар. Бір континентте жүз ұлт болса жүз түрлі «латынша». Тіпті бір таңбаның /әріптің/ өзін әр тіл әр түрлі дыбысқа қолданады немесе әр түрлі оқиды.**

Мысалы:

С – латынша, испанша – Ц, ағылшынша – К, түрікше – ДЖ, орысша – S...

Себебі:

Біріншіден, әр тілде дыбыстардың саны, сапасы, айтылу ерекшеліктері әр түрлі. Бір әріпке телуге келмейді.

Екіншіден, тілдің ұлттық қасиетін сақтау, лингвистикалық сый-сыйапаттарын айқын беру үшін бұл аса қажет.

Тарихта ең сыннан өткен оңтайлы, ұтымды принцип – «бір дыбысқа бір әріп». Ал ағылшын жазуы өте ертеде жасалғандықтан және дыбыстау ерекшеліктері мүмкіндік бермегендіктен, өте күрделі жасалған.

Мәселен ағылшын тілінде 44 дыбыс бар. Оған 26 таңба белгіленген. Ал қалған 18 дыбысқа әлгі жиырма алты таңбадан екі таңбадан алып қосақтап, екі таңбадан бір сиап әрпін жасап,  $18 \times 2 = 36$ , яғни 18 дыбысқа 36 таңба тағайындалып, нәтижесінде 26 дара таңба + 36 қос таңба = 62, таңба саны көбейіп кеткен. Бұған шамасы ағылшын тілінің фонетикалық ерекшеліктері еріксіз айдалып әкелген болуы керек.

Басқаша айтқанда екі таңба бірігіп бір әріпті, бір дыбысты білдіреді. Немесе бір дыбыс әр түрлі таңбалармен беріледі. Екі таңба қосарланады иә бір таңба қайталады. Мысалы: Shook-Шук деп оқылады. Мұнда 2 бірігіп III әрпін, I таңба қайталанып У әрпін жасап, бір-бір дыбысты білдіріп тұр. Қай тілде болса да таңба, әріп, дыбыс – үшеуі үш түрлі нәрсе. Оны жәй ақын, жазушы, журналист «жолдастар» түсінбейді.

Ол үшін лингвист болу керек. Лингвист болу дегеніміз өз тілін және бірнеше өзге тілді практикалық жақтан ғана емес, сондай-ақ ғылыми-теориялық жақтан, нақтылап айтқанда фонетикалық, грамматикалық жақтан да жете білулері керек. Сонда ғана олар жазу дегеннің не екенін, оның қалай жасалатынын түсіне алады.

Өзге тілдердегі жазуға жақындау немесе көшу мүмкін емес. Олардан тек өзіңе қолайлы таңбаларды ғана аласың. Қалғанын өзіңше жасайсың.

Үшіншіден, басқа жазуға алдап көшірудің, зорлап көшірудің саяси астары да бар. Жазуды қай ұлттың жазуына зорлап сәйкестендірсен, түбінде сол елдің жазуына, онан кейін тіліне толық көшуіңе кең-даңғыл жол ашылады. Бұл - әбден дәлелденген ақиқат. Өз алдына үлкен тақырып.

Егер сені басқа біреудің тілі мен жазуы қызықтырып өліп бара жатсаң, үйреніп ал! Сені кім ұстап отыр? Қалыптасқан жазудан айырып, халықтың басын қатырма! Қайтадан азапқа салма!

Ағылшын тілі қазақ тіліне мүлде жат, мүлде басқа топ, басқа жүйедегі тіл. Оған ең жақын тіл – неміс тілі. Соның өзінде орфографиясы мен орфоэпиясы мүлде қарама-қайшы. Мысалы: Ағылшын графикасында жазылуы бір басқа, оқылуы бір басқа. Неміс тілінде жазылуы мен оқылуы бірдей. Оқу өте оңай. Жазу жасау ғылымы үш түрлі құрамдас жүйеден тұрады: әліпби, дұрыс жазу және дұрыс оқу жүйелері. Бұлар тілдердің табиғи заңдылықтарына сәйкес әр түрлі жасалады. Мәселен арап және еуропа тілдерінде әліпби /алфавит/ негізінен дауыссыз дыбыс әріптерінен түзеледі. Дауысты дыбыстар және олардың әріптері алфавитке енгізілмейді. Сондай-ақ жазу практикасында да онша еленбейді. Өйткені бұл тілдер табиғаты жағынан консонанттық тілдер болып табылады. Әсіресе арап және ағылшын жазуларында осылай. Бұларда дауысты дыбыстар және басқа да кейбір фонемалық ерекшеліктер харакалар, фонетикалық транскрипциялар арқылы беріледі. Ал қазақ тілі- вокалдық тіл. Мұнда дауысты дыбыстар мен үндестік заңы сөйлеуде де, жазуда да өз үстемдігін жүргізеді. Сөйлеу және жазу барысында дауысты дыбыстар жуан-жіңішке, ал дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді дыбыстар болып үндеседі. Сондықтан барлық дыбыстардың әріптері әліпбиге енгізіледі. Сондықтан да бізге дыбыс пен әріп саны бірдей. Қосымша таңбалар жоқ. Оңай. Ал ағылшын тілі мен жазуында 44 дыбыс, 26 әріп қана бар. Бірақ оның есесіне күртша құжынаған қосымша таңбалар мен белгілер. Соның өзінде де қазақтың қазіргі жазуы бұл жазуға жат емес, өте жақын. Қазақ тілінің қазіргі әліпбиі өз тілімізге тән фонетикалық қасиеттерді толық жеткізіп, қажеттіліктерін толық қамтамасыз еткен кемел әліпби. Бұл әліпбиі өзіне қажетті, пайдалы таңбаларды латын, ағылшын және орыс әріптерінен алған. Мысалы: Латын алфавитінен: А, В, С, Е, F, H, I, K, M, N, O, P, T, X, Y, Ы, І, Ц, У=19. Орыс алфавитінен: Б, Г, Д, Ж, Й, Л, П, Ф, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Э, Ю, Я=17. Ағылшын таңбаларынан: Ә, Ө = 2 таңба. Демек, бәрінен де «қырық серкешімізді» алып, төрт қыбыламызды түгендегенбіз. Біз өзімізге керекті әдемі әріптерді кімнен де болса ала білгенбіз. Ендеше біздің қазіргі жазуымыз алдыңғы әлемдік жазулардан да асып түскен кемел жазу. Қашан да соңғы жасалған нәрсе мінсіз болады ғой?! Сондықтан, Алтынсарин бастаған алтын жазуды тастап, түріктің, ағылшынның қолтығына кіреміз деп жүргендер – дөйдала, далбаса, шала сауатты «балалар».

Ғылым-білімге жетілу, даму немесе артта қалу жазуға байланысты емес. Біз қазақтың осы қазіргі жазуымен орыс және әлем ғылымын меңгердік. Әлем классиктерінің, ғалымдарының еңбектерін қазақ тіліне аударып шығардық. Аударып та жатырмыз. Осы жазумен миллиардтаған тиражбен ауыз әдебиеті, жыршы-жыраулар қазыналарын, Абайдың, Сұлтанмахмұттың, Сәкен Сейфуллиннің, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Хамза Есенжановтың, т.б шығармаларын қазақ тілінде жариялап



халқымызды

сусындаттық.

Міне, енді осының бәрін қараңғы түнекте қалдырып, қайдағы бір жат жазуларға көшеміз деушілердің өздері не бітірген және не бітірмек адамдар екен?

Білімсіз, санасыз немесе «сатылған» адамдар. Даму-дамымау жазуға емес, басқаруға байланысты. Мақтаншақ басқарса, біткенің. Данышпан басқарса, жеткенің. Дүниедегі ең қиын және күрделі жазу – Қытай, Кәрей иероглифтері. Ал қазір олар ағылшындарды да артқа тастап барады. Ал арап жазуы дүниедегі ең жақсы жазу еді. Тіпті жазулардың бәрі де, ғылымдардың алғашқы бастамалары да осы Арабияда пайда болған еді ғой. Ал олар қазір әлемдегі ең мешеу елдер. Ең надан, білімсіз елдер. Тек мұнаймен байып отыр. Ертең мұнай таусылса, күндері не болмақ? Арап елдерінің патшалары мен байлары екі мың жылдан бері «көп қатын» алудан, молдалары «бес уақыт намаз» оқып, «насыбай» жуудан, қайыр – садақа жинаудан басқа түк бітірмеді. «Исләм» діні бұрын төрт мәзһәпқа бөлінуші еді. Кейін 72-ге жетті. Ал қазір 80-ге таяп қалды. Бар өнерлері жастардан «жанкештілер» әзірлеу. Шал, кемпірлерінің жаны сондай тәтті. Қару-жарақты ағылшын мен орыстан алады.

200 миллион арап дегеніңіз өте жойқын күш. Бірақ береке жоқ. Білім жоқ. 30-35 мемлекетке бөлінген. Қаншама арап еуропада қаңғырып жүр! Қандай ел болса да өз тілін, өз жазуын, өз билігін жәһәндәндыруға ұмтылған. Ұмтылып та жатыр. Ал біз қашан да жұтылып кетуге құштармыз. Құлдық психологиядан шыға алмаймыз. Ұлт пайдасынан жеке бастың пайдасын артық көреміз. Немесе табандылық жетіспейді. Біз ағылшын және өзге елдердің тілі мен жазуына қарсы емеспіз. Біз олардың өз ықпалына алғысы келетін ұлы державалық үстемдік пиғылдарына, айла-шарғыларына қарсымыз.

Біздің жастарымыз өте талантты, ақылды, зерек. Қажет болса, қай тілді, қай жазуды болса да тез меңгеріп алады.

Менің ұраным: әркім өз жерінде өз тілімен, өз жазуымен, өз дінімен, өз салтымен таза, алаңсыз өмір сүрсін!

Әбдеш

Дайырбаев

ӘДЕБИЕТШІ

## ҚОСЫМША

Латын жазуына көшу - қазіргі заман талабынан туып отыр:

1. Қазіргі орыс жазуы негізінде жасалған әліпбиіміз қазақ тілінің әуез, буын, тасымал мәселелерін дәл бере алмайды. Қазақ тілінің бәсекелестік қабілетін арттыруға кедергі жасайды. КССРО құлағаннан кейін орыс тілі мен жазуының қолдану аясы мейілінше тарылды. Халықаралық кеңістікке шығу жолы жабылды.

2. Әлемде ең жетілген әліпби деп бір дыбысқа бір әріп сәйкес келетін әліпбиді айтады. Ондай әліпби еш елде әлі күнге дейін жасалған жоқ. Қазақ зиялылары осындай жетілген әліпби жасап, көпшіліктің талқысына ұсыну керек.

3. Латын жазуын таңдап алуымыздың бірінші себебі осыдан туындайды. Екіншіден, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан сияқты ағайын елдер латынға көшіп алды. Бұл орайда барлық түркі елдерінің әліпбиі бірдей болса деген тілек өте орынды. әдеби, мәдени байланыс оңайланады.

4. Жаңа әліпби компьютердің клавиатурасындағы латыншамен бірдей болса деген тілек те орынды. Бұл әлемдік технологияға енуді жеңілдетеді. Сондықтан бүкіл түркі елдері латын жазуының компьютерлік нұсқасын алу керек, Түркия нұсқасын емес деген Сұлтан Жанболат мырзаның ұсынысы дұрыс деп есептейміз.

5. Көшедегі ат-атаулар, жер-су, елді мекен аттары жаңа латын жазуымен мемлекеттік тілде ғана жазылса, оны орыс та, шетелдік де оқи алады. олардың аудармасын берудің қажеті болмайды.